



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ



СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

в результате развития IT-терминологии как отдельного аспекта лексикологии. Наличие сложных и производных IT-терминов свидетельствует о том, что IT-терминология не является замкнутой системой, а развивается в результате взаимодействия с другими науками.

Список использованных источников

1. Лейчик В.М. Особенности функционирования термина в тексте.// Филологические науки. – М., 1990. – С. 32.
2. Елисеева В.В. Лексикология английского языка. – СПб., 2003 – С. 33-34.
3. Стрелковский Г.М. Теория военного перевода. – М., 1979. – С. 49-70.
4. Ворно Е.Ф. Лексикология английского языка. – Л., 1955. – С. 143.
5. Пронина Р.Ф. Перевод английской научно-технической литературы. – М., 1986. – С. 8.
6. International Herald Tribune, 2008. - December 26, Friday; December 12, Friday;
7. Financial Times, 2008. - October 22, Wednesday.

УДК 81.33

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ «КӨЗ/EYES» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қуатбай Нұрсейіт Бахтиярұлы

Nurseyt_96_80@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н. Жұмай

Тіл білімінде концепт мәселесінің зерттелу өзектілігі тіл, ойлау мен мәдениеттің өзара қатынасы мәселесін одан әрі зерттеу мен зерделеудің маңыздылығына байланысты. Осы тұрғыдан алғанда «көз/eyes» концептісін әлемнің тілдік бейнесінде жүйелі, көпаспектілі түрде, әсіресе, адамның сыртқы және ішкі әлемінің бейнесімен арақатынаста ұғынудың маңыздылығы жоғары болып табылады.

Концепт сөздердің ұғымын түсіну арқылы жеке бір адамнан бастап, қоғамдық топтардың, бүкіл бір ұлттың, халықтың ой-өрісінің, дүниетанымының ерекшеліктері айқындалады. Бұл сөздер рухани мәдениеттің басты ұғымдарын оның элементтері ретінде таңбалай отырып, сонымен бірге олардың мән-мағынасын да қамтиды. В.В. Колесов концепт ұғымын қазіргі зерттеулерде кездесетін мәдени концепт ұғымымен байланыстыра келіп былай дейді: «Концепт – сөздің мағыналық толығының негізгі нүктесі, сонымен бірге дамудың ең соңғы шегі. Мәдени таңба ретіндегі сөз мағыналарының даму нәтижесіндегі алғашқы мағына соңғы нүкте, яғни қазіргі мәдениеттегі қатары молайған ұғым концепт бола алады» [1, 18]. Бұл теориялық жақтан барлық сөздер мәдени мағыналы бола алады деген ойларды дәлелдей түседі және сөздің мәдени-тілдік табиғатын зерттеуде «концепт» терминін қолданудың қажеттілігін нақтылайды. Концептіде сөздің мағыналық дамуының барлық мүмкіншіліктері айқындалып жиналады.

Концептілер – мәдениеттің бір элементі, сонымен қатар оны түсінудің де кілті. Олар мәдениетті өз ішінен ұғынуға көмектеседі. Бұл сөздердің жаңа мағыналарының пайда болу механизмдерін тану арқылы біз сол мәдениеттің өзін тани аламыз. Концептілерді талдау арқылы ұлттық мәдениеттің даму қалпын, оның қазіргі өмірдегі жай-күйін білеміз.

Адамның бет әлпеті, көзі адамның өзі айтпайтын нәрселер туралы ақпарат беретіндігі белгілі. Бұлар көне заманнан адам баласының қызығушылығын туғызып, әркез бақыланып, зерттеліп отырған мәселелер.

«Көз/eyes» атауларын концепт ретінде қарастырғанда, «көз», «көру» әрбір мазмұнды, ұлттық бедері айқын негізгі концептілердің бірі болып табылады.

Көз – адамның ең маңызды сезім мүшелерінің бірі. Көне адамдардың пікірінше, көз тек қабылдау органы ғана болып табылмайды, сонымен қатар ол өзі де «қуат сәулелерін» жібереді. Психологиялық символикада көз жарық пен сана органы болып саналады, соңғысы бізге әлемді қабылдауға мүмкіндік береді, яғни көз – санаға шындықты, ақиқатты танытатын орган.

«Көз» концептісінің мынадай бір сипатын атап кетуге болады: «көз» концептісіне өзге концептілермен салыстырғанда ақпараттылық тән. Өйткені, көз өздігінен мол ақпарат көзі болып табылады.

Көз – соматикалық атаулар арқылы таңбаланатын концептілер ішіндегі басты концепт. Өйткені қазақ тіліндегі басқа соматикалық атаулардан жасалған концептілерден (құлақ, ауыз, т.б.) мәдени мазмұны терең. Олар даналық, ой, сана, мінез ұғымдарымен өте тығыз байланысты және олардың адам тұлғасын, болмысын танытудағы мәні өте зор. Мәселен, «құлақ», «ауыз» бірліктері тілде «адам» деген ұғымды таңбалай алмайды. Көз де солар сияқты бір сезім мүшесі болғанымен, ол «адам», «тұлға» ұғымдарын таңбалайды.

Көз дене мүшесі ретінде, адамның эмоционалдық жағдайын, көңіл-күйін білдіруші орган ретінде барлық тілдерде әр түрлі мағынаға ие. Семиотикалық мәні бар дене қозғалыстарының тілдік бейнесінде адамның көздері симптоматикалық және коммуникативтік ым-ишара қызметін атқарады. Коммуникативтік әрекет кезінде көз когнитивтік, экспрессивті, байланыс орнатушы, бақылаушы қызмет атқарады. «Көз» концептісінің сөздіктегі анықтамалары мынадай мағыналарды береді: 1) көру немесе жарық сезгіш орган; 2) көру қабілеті, көру; 3) қарау, назар аудару; 4) интеллектуалдық немесе эстетикалық көзқараспен бағалау қабілеті; 5) көзқарас, пікір; 6) ауысп. көз пішіндес нәрсе (мысалы, иненің көзі, есіктің көзі, т.б.); 7) фотосезгіш құрал (мысалы, камераның көзі және т.б.); 7) биологияда – гүлдің ортасы, картоп «көзі»; метеорологияда – дауылдың эпицентрі (ошағы)[2, 79].

Орыс мәдениетінде адам жанының айнасы – көз болса, ағылшындар үшін адамның көзі емес, жүзі (бет-бейнесі) оның жанының айнасы болып табылады, яғни *the face is the index of the mind*, ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде көз сөзінің мынадай мағыналары беріледі: көз – адамның, жан-жануардың көру мүшесі; заттың жіп-я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі; бірнәрсенің шығар жері, қойнауы; бірнәрсенің нақты өз басы; өткеннен қалған белгі; біреуге арналған ескерткіш, мұра, ұрпақ; *ауысп.* ақыл, ес, сана.

Ағылшын тілінде: көру; байқау; көзбен бақылау; көздеу, мақсат ету; атақты, әйгілі адам болу мағыналарында **to eye** етістігі жиі қолданылады.

Осы сөзбен жасалған көптеген идиоматикалық тіркестер де кездеседі, олардың ішінде жиі қолданылатындары: *all eyes* (өте мұқият, ықыласпен қарау), *clap/lap/set one's eyes on* (көзге түсу/шалыну, көзі шалу, көз салу/тастау), *eye to eye* (келісіммен, бірлікте деген мағынада), *have one's eye on* (біреуге/бір нәрсеге қызығу), *in the eye of the wind* (желге қарсы мағынасында), *in the public eye* (жұрт назарында болу), *my eye* (ешқандай жағдайда, ештеңеге қарамастан деген мағынада), *with an eye to* (белгілі бір мақсатпен), *with (one's) eyes closed* (бір нәрсеге көзін жұму, елемей мағынасында) және т.б. Сонымен, ағылшын тілдік санада «көз» концептісі көз арқылы қабылдау органын сипаттайды, ал ол өз кезегінде адамға қоршаған әлемді көруге ғана емес, сонымен қатар оны бағалап, түсінуге де мүмкіндік береді.

Алайда қандай ұлт өкілі болғандығына қарамастан, барлық адамдар үшін көз оның ағзасы ішіндегі ең маңыздысы болып табылады, олар арқылы әлем туралы ақпараттың 80% қабылданады. Адамның көздері тек физикалық сипатты ғана емес (*smb's blue-eyed/fair-haired boy* – біреудің сүйіктісі), сондай-ақ, адамның бірнәрсеге қол жеткізу қабілетін (*have eyes on the back of one's head* – көзі қырағы болу; *opensmb's eyes to smth.* – көзін ашу; *do smth. with your eyes shut/closed* – істі оңай тындыру мағынасында), сонымен қатар адамның ішкі көзі, оның ішкі сезімін (*sees smth. in one's mind's eye* – ішкі көзімен тану мағынасында) сипаттайды.

«Көз» атауымен жасалған екі мәдениетке де ортақ фразеологиялық бірліктер адамның іс-әрекетін: *before smb's very eyes* – көз алдында/ көзін бақырайтып қойып; *have an eye for smth/smb* – бір нәрсені/біреуді қырымнан көру/ алыстан көру/ бір нәрсеге көзі қанық/ бір

нәрсеге көзі қырағы; *have in one's eyes* – көз алдына елестету/ көз алдынан кетпеу/ көз алдында тұру; *have one's eyes glued on smb/smith* – біреуге/бір нәрсеге көз сұғын қадау/ көзін айырмау; *one's eyes draw straws* – көзіне ұйқы тығылу/ қалғып-мүлгіп отыру; *see daylight* – миына енді кіру/ түсіне бастау; *see smth with one's own eyes* – өз көзімен көру; оның көңілін: *the eyes are the mirror of the soul* – көз – көңілдің айнасы; *one's eyes are bigger than one's belly* – өзі тойса да, көзі тоймайды; *one's eyes on stalks/ one's eyes pop out of one's head/ one's eyes stand out of one's head* – көзі атыздай болу/ көзі шарасынан шығу/ көзі бақырайып қарау; *one's eyes flash fire* – көздері жанып/жарқырап тұру; мінезін: *a keen eye/ a quick eye* – қырағы көз/ өткір көз; көзқарасын: *an eye for an eye, tooth for a tooth* – жанға – жан, қанға – қан; іс-әрекеттің орындалу жылдамдығын: *at the wink of an eye/ in the twinkling of an eye/ in the blink of an eye* – көзді ашып-жұмғанша/ қас пен көздің арасында/ қас қағымда/ қас қақанша/дем арада; бір нәрсенің қасиетін: *catch the eye/ fall under smb's eye* – көз тарту/ көздің жауын алу/ көздің құртын жеу; және т.б.

Қазақ тілінде сұлулықты «ботакөз», «танакөз» және т.б. бірліктер арқылы сипаттаса, ағылшын тілінде жан-жануар атауы сұлулықты емес, адамның іс-әрекетін сипаттауда жиірек кездеседі. Мәселен, *cast/make sheep's eyes at smb* – біреуге таңырқай, таңдана қарау; *in a pig's eye* – 1. көз бояу, алдау; 2. ешқашан, ештеңеге қарамастан деген мағыналарда қолданылады. Сондай-ақ, екі тілге ортақ емес бірліктерді қарастыру кезінде ағылшын тіліндегі *catch the speaker's eye* – саяси мағ. сөз сөйлеу құқығын алу; *eyes only* – жеке өзіне деген мағынада; *a private eye* – жеке тыңшы; *spit in smb's eye* – мән бермеу және қазақ тіліндегі көзге қағыс жер – көрінбейтін қалтарыс жер; көзге қораш – сырт кейпі келіссіз деген мағынада айтылады; көз жасына қалу – қиянат жасау; көз жұмбайға салу – тәуекел ету; көз көрген/ көзін көрген – бірін-бірі білетін, таныс адам; көз майын ағызу – қатты жылау; қадалып, көп іс істеу; көз таңдайды – көзді қызықтырады; көзін аларту – жақтырмау, менсінбеу; көзінің өсу – асқақтап кету, т.с.с. көптеген бірліктер кездеседі.

«Көз/eye(s)» компоненттерімен жасалған фразеологиялық бірліктердің мағыналық әртүрлілігі және көптігі осы фразеологиялық топтың қазақ және ағылшын лингвомәдениетінде маңызды орын алатынынан хабар береді. Атап өткеніміздей, екі тілдегі «көз/eye(s)» атауымен жасалған фразеологизмдер алуан түрлі мағынаға ие, олар мағынасы жағынан ұқсас немесе керісінше әр түрлі болып келеді, алайда қазақ тілінде «көз» атауымен жасалған фразеологизмдердің саны ағылшын тіліне қарағанда әлдеқайда көп. Бұған екі тілдегі фразеологиялық сөздіктердегі материалдар арқылы көз жеткіздік. Бұл екі ұлттың тілдік ерекшеліктеріне, тіршілік ету жағдайларына, дүниеге көзқарастарына байланысты болса керек.

Қорытындылай келгенде, көз, көру – адам танымының тірегі. Когнитивті процестерді олардың ерекшелігін қарастыруда, қай ғылым саласы, қандай жағынан қарастырсақ та, сол зерттеу материалдарының астарында міндетті түрде көру, көзбен қабылдау, көз бен мидың байланысы, т.с.с. мәселелер қоса қаралып отырады. Сондықтан қазақ, ағылшын тіл білімінде ғана емес, жалпы барлық тілдерде «көз», «көру» мазмұны терең, мәні үлкен, ұлттық сипаты ерекше концепт болып саналады. «Көз» концептісі арқылы қазақ, ағылшын дүниетанымының қалыптасу жолдарының бірін байқай аламыз, яғни бұл концепт өзіндік даму тарихы, күрделі құрылымы бар бірегей лингвомәдени бірлік болып табылады.

Қолданған әдебиет

1. Колесов В.В. Концепт культуры: образ - понятие - символ // Вестн. Л., 1992. Сер.2. Вып.3. №16.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 404-406 б.
3. Абдрахманова М.Б. «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы: автореферат. – Алматы, 2008. – 7-10 б.
4. Александрович Н. Концепт eyes/глаза в оригинале и переводах романа Ф.С.Фицджеральда «Великий Гэтсби» [Электрон. ресурс]. – 2009. – URL: <http://laba.lt/DS.002.2.01.ARTIC> (10.04.2013).